

DOI 10.52260/2304-7216.2022.3(48).10  
 ЭОЖ 334. 723  
 FTAMP 06. 56

Е.М. Әбенәв\*, PhD, доцент м.а.<sup>1</sup>  
 Д.М. Мухияева, PhD, доцент м.а.<sup>1</sup>  
 Р.Д. Берназарова, магистр, аға оқытушы<sup>2</sup>  
 Ә.А. Алданай, магистрант<sup>2</sup>  
 Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
 ұлттық университеті КеАҚ  
 Астана қ., Қазақстан<sup>1</sup>  
 Esil University, Астана қ., Қазақстан<sup>2</sup>  
 \* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)  
 e-mail: aem11186@mail.ru

## МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК НЕГІЗІНДЕ КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Кәсіпкерліктің инновациялық дамуында мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) қолданудың шетелдік тәжірибесін зерделеу және қорыту шеңберінде АҚШ, Ұлыбритания, жалпы Еуроодақ елдерінің, оның ішінде Нидерланд сияқты жекелеген мемлекеттердің жалпы механизмдері, сондай-ақ инновациялық саладағы МЖӘ-ні қолдаудың ұлттық саясатының ерекшеліктері айқындалған. Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттері, оның ішінде Қырғызстан Республикасының тәжірибелері ұсынылған.

Зерттеу мақсаты МЖӘ механизмдері арқылы кәсіпкерліктің инновациялық даму деңгейін, сондай-ақ индустриялық-инновациялық дамудың қаржылық-инвестициялық, институционалдық мүмкіндіктері мен басымдықтарында шетелдік тәжірибені ескеру қажеттігі ұсынылады.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін бірқатар міндеттер айқындалды: МЖӘ механизмі арқылы кәсіпкерлікті инновациялық дамытудың шетелдік тәжірибелерін зерделеу жүргізілді; жүргізілген зерделеу нәтижесінде шетелдік тәжірибенің басым бағыттары анықталды.

Зерттеудің теориялық-әдістемелік базасы ретінде МЖӘ механизмдері арқылы кәсіпкерліктің инновациялық даму мәселелері бойынша іргелі және қолданбалы зерттеу жүргізіп жүрген отандық және шетелдік ғылым-экономистердің еңбектерінен тұрады. Мақаланы жазу барысында экономикалық және саясаткерлік талдау және жүйелік әдісі қолданылды.

Мақалада жүргізілген зерттеу нәтижесі мен зерттеудің ғылыми қорытындылары Қазақстан Республикасының аймақтарын дамытудың инновациялық бағдарламаларын қалыптастыру кезінде қолданылуына мүмкіндік беріледі.

**Кілт сөздер:** мемлекеттік-жекешелік әріптестік, кәсіпкерлік, инновация, механизм, инновациялық белсенділік, кәсіпкерліктің инновациялық дамуы, әріптестік, инвестиция, бағдарлама, кадр.

**Ключевые слова:** государственно-частное партнерство, предпринимательство, инновации, механизм, инновационная активность, инновационное развитие предпринимательства, партнерство, инвестиции, программа, кадры.

**Keywords:** public-private partnership, entrepreneurship, innovation, mechanism, innovative activity, innovative development of entrepreneurship, innovative potential of entrepreneurship, partnership, investment, programme, human resources.

**JEL classification:** R48; H41; L32; L33.

**Кіріспе.** Шет мемлекеттердің МЖӘ механизмі арқылы кәсіпкерлікті инновациялық дамытудағы озық тәжірибелерін қарастыру және оны Қазақстан Республикасында пайдалану тиімді болары сөзсіз. Осы орайда шетелдік тәжірибеде МЖӘ негізінде кәсіпкерліктің инновациялық даму механизмдерін қолданудың тиімді құралдары мен шаралары қалыптасып, Қазақстанда кәсіпкерліктің инновациялық әлеуеті мен белсенділігін арттыру үшін мүмкіндік туғызуда. Оның ішінде АҚШ, Германия, Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай, Нидерланды және басқа да бәсекеге қабілеттілігі жоғары мемлекеттердің ғылым мен инновация саласындағы тәжірибелерін зерделеу, МЖӘ механизмдерінің ішінде жобаларды басқару жүйесі, кәсіпкерліктің қаржылық дағдарыстан шығу құралы және ірі ғылыми және саяси мәселелерді шешу әдісі болып табылатынын айқындайды және осы мемлекеттердің озық тәжірибесін жеке-жеке қарастыруға қызығушылық туғызады.

Бірақ дамыған мемлекеттердің тәжірибесі бойынша тек қана нарықтық қағидаттар негізінде материалдық-техникалық базаның қалыптасуы мүмкін емес. Кәсіпкерліктің инновациялық дамуына

мемлекет араласпаса оң нәтиже бермейді. Сондықтан инновация мен инвестиция мемлекеттік реттеудің объектісі болып табылады.

Әрине, дамыған мемлекеттер экономикасында қолданып жүрген тәжірибелердің бірқатар бөлігі қазақстандық тәжірибеге енгізілген. МЖӘ кәсіпкерлікті инновациялық дамытудың ынталандырушы механизмдерінің бірі болып табылады. Бірақ олардан өзге де шетел тәжірибесінің көптеген тиімді элементтері назардан тыс қалуда.

**Әдебиеттік шолу.** МЖӘ кәсіпкерлікті инновациялық дамытудағы роліне және оның маңыздылығына қатысты отандық және шетелдік ғалым-экономистердің ғылыми еңбектеріне тоқталып кеткен жөн. Кәсіпкерлік сектордың қатысуымен инновациялық саладағы МЖӘ механизмін пайдалану мәселелері шет елде және Қазақстан Республикасында да зерттеулер жүргізілгенмен, әлі де жеткілікті деңгейге жеткен жоқ. Қазақстан Республикасында қалыптасқан МЖӘ-нің теориялық және заңнамалық, құқықтық негізінде МЖӘ бойынша жүзеге асырылатын жобаларды басқару, ұйымдастыру механизмдерін жетілдіру бойынша жұмыстар атқару қажет. МЖӘ негізінде кәсіпкерлікті, инновациялық жобаларды басқару туралы ғылыми зерттеулер өте аз. Дегенмен, А.Н. Тоқсанованың жетекшілігімен шыққан «Мемлекеттік жекешелік әріптестік жобаларының тиімділігін бағалау» атты еңбегінде мемлекет пен кәсіпкерліктің әріптестігін нақтылау және МЖӘ қағидасы негізінде олардың өзара іс-қимылын жетілдіру жөнінде ұсыныстар мен мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу және олардың тиімділігін бағалау жайлы қарастырылған [1].

В.Г.Варнавскийдің еңбегінде «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік – қызмет көрсету саласы, кәсіпкерлік салаларының кеңейген спектрінде қоғамдық маңызды жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатында мемлекет пен кәсіпкерлік сектор арасындағы институционалдық және ұйымдастырушылық альянс» ретінде зерттелді [2].

И.В.Хромов АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Жапония секілді мемлекеттердің салық салу жүйесін сипаттай отырып, кәсіпкерлік субъектілері үшін салықтық жеңілдіктерге баса назар аударады. Сонымен қатар оның еңбектерінде Ресейдегі кәсіпкерліктің инновациялық даму заңдылықтары, факторлары мен мәселелері талданады. Корреляциялық-регрессиялық талдау деректері бойынша кәсіпкерліктің даму динамикасына тоқталып өткен. Бұл тәсіл авторға Ресейде кәсіпкерліктің инновациялық даму үрдісін анықтауға және осы саладағы жағдайды жақсартудың ықтимал нұсқалары туралы ұсыныс жасауға мүмкіндік берді [3].

Жалпы алғанда, МЖӘ – қосымша инвестиция тарту мақсатында, бюджет қаражатының тиімділігін арттыру құралы ретінде және инфрақұрылымдық, инновациялық, кәсіпкерлік жобаларды жүзеге асыратын мемлекет пен кәсіпкерлік сектор арасындағы келісім болып табылады.

**Негізгі бөлім (талдау, нәтижелер және талқылау).** МЖӘ негізінде кәсіпкерліктің инновациялық даму белсенділігін ынталандыру мен қолданыстағы инновациялық әзірлемелерді қолдану әдістері жоғары нәтиже береді. Ол үшін біз дамыған және дамушы мемлекеттердің тәжірибесін қарастырамыз. Мысалы, Жапония, Франция, Германия, Ұлыбритания мемлекеттерінде барлық ғылыми-техникалық мәселелер мемлекеттік құрылымның қатысуымен шешіледі. Аталған мемлекеттерде кәсіпкерліктің инновациялық дамуы, шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту, сонымен қатар белсенді инновациялық қызмет жүргізуші кәсіпорындарды дамыту арқылы қолдау көрсетіліп келеді [4].

Кәсіпкерліктің инновациялық дамуын мемлекеттік қолдау құралдары мен механизмдері 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте

**Кәсіпкерліктің инновациялық дамуын  
мемлекеттік қолдау құралдары мен механизмдері\***

Кәсіпкерліктің инновациялық дамуын мемлекеттік қолдау құралдары мен механизмдері	Мемлекеттер
1	2
ҒЗТҚЖ жүзеге асыруға мемлекеттік гранттар	Ұлыбритания, Германия, Қытай, АҚШ, Дания, Франция, Жапония, Нидерланд, Австрия, Польша
ҒЗТҚЖ жүзеге асыруға арналған шығыстардың бір бөлігін өтеу, жаңа ғылымды қажет ететін өнімдер мен технологияларды құру, кәсіпкерліктің техникалық деңгейін арттыру	Австрия, Бельгия, Германия, Канада, Корея, АҚШ, Франция, Швеция, Жапония

1	2
Жаңа өнімдер мен технологияларды әзірлеуге және енгізуге мемлекеттік кепілдік беру (банктерден несие алуға)	Австрия, Бельгия, Финляндия, Германия, Канада, Қырғызстан, Бразилия, АҚШ, Франция, Швеция, Жапония
ҒЗТКЖ жүргізуге байланысты арнайы салық жеңілдіктер беру	Норвегия, Ирландия, Қытай, Франция, Жапония, Германия
Кәсіпкерлерге инновациялық жобаларды орындауға немесе ғылыми-техникалық қызмет көрсетуге мемлекеттік тапсырыс	Ұлыбритания, Дания, АҚШ, Финляндия, Франция
Кәсіпкерліктің инновациялық дамуын инвестициялайтын мемлекеттік венчурлік қорлар құру	Испания, Финляндия
Жаңа идеяларды дамыту	Германия, Жапония
Кеңес және ақпараттық қызметтер көрсету	Испания, Финляндия, Қытай, Қырғызстан, Германия, Ұлыбритания
Кәсіпкерлікті инновациялық дамыту инфрақұрылымын құру (бизнес-инкубаторлар, технопарк, АЭА, стартаптар)	Австралия, Израиль, Үндістан, Канада, АҚШ, Чехия, Жапония, Франция
Кластер негізінде кәсіпкерлікті инновациялық дамуын қолдау	Бельгия, Германия, Ұлыбритания, Дания, Италия, Мексика, АҚШ, Франция, Жапония, Чили

*\*[5] Авторлармен құрастырылған*

Кестеде көріп отырғанымыздай, құралдар мен механизмдерді кәсіпкерліктің инновациялық дамуында тиімді қолданудың негізінде көрсетілген мемлекеттер жетістікке жетіп отыр. Кәсіпкерліктің инновациялық негізде жоғары өсу қарқынын шағын кәсіпкерлікті дамыту, қолдау және МЖӨ өзара тиімді комбинациясын пайдалану арқылы қол жеткізуге болады.

«Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Республикасының Елбасының жолдауында ЖІӨ-дегі ШОБ үлесін 50% жеткізу мәселесі қойылған [6]. Мәселен, 2015 жылы ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі 24,9 %, 2016 жылы 26 %, 2017 жылы 26,8 %, 2018 жылы 28%, 2019 жылы 29,5%, 2020 жылы 30,5% және 2021 жылы 33,5% болды [7]. Кәсіпкерліктің ЖІӨ-гі үлесі шет мемлекеттер экономикасында артып келеді.

Мәселен, Францияда кәсіпкерлік ЖІӨ-нің 62%, Жапонияда 55%, Ұлыбритания 53%, АҚШ 50%, Германияда 52%, Қытай 60%, Қырғызстан Республикасында 41% көрсетіп отыр. Бұл мемлекеттерде кәсіпкерлік секторда, яғни кәсіпкерлік субъектілерінде жұмыс істейтін жұмысшылардың саны жоғары. Мысалы, АҚШ-та 50%, ЕО елдерінде 70%, Жапонияда - 71%. Осы мемлекеттерде кәсіпкерліктің инновациялық дамуына мемлекеттік қолдау құралдары мен механизмдері кең қолданылады [8].

Инновациялық саладағы МЖӨ тәжірибесіне сәйкес, мемлекеттік зерттеу орталықтары мен кәсіпкерлік арасындағы ынтымақтастық ХІХ ғасырдан басталды. 2000 жылдардың басында ҒЗТКЖ-да МЖӨ-нің жаңа парадигмасы туралы мәселе қойылды. ҒЗТКЖ-да МЖӨ саласында теориялық және тәжірибелік мәселелерді әзірлеу COVOSECO (Coevolution of Science and Economy) еуропалық жобасы шеңберінде жүзеге асырылады. COVOSECO жобасының ҒЗТКЖ-да МЖӨ-ні инновациялық салада дамыту бағыттары [9]:

- COVOSECO жобасының ҒЗТКЖ-да МЖӨ-ні бағалау үшін әмбебап құралдарды әзірлеу мақсатында;

- ҒЗТКЖ-да МЖӨ - нің жай-күйі туралы ақпарат беру;

- ҒЗТКЖ -да МЖӨ ні дамыту саясаты саласында ұсынымдар әзірлеу.

МЖӨ әлеуметтік-экономикалық маңызы бар жобаларды жүзеге асыру құралы ретінде кеңінен қолданылып жүр. Сонымен бірге кәсіпкерлікті дамытуды маңызды әлеуметтік жоба ретінде қарастырылады. Осыған байланысты кәсіпкерлік секторды тарту арқылы МЖӨ жобалары үшін қолайлы жағдайларды (салық, қаржылық жеңілдіктерді) құру қажет. Осындай әріптестік мемлекеттің, кәсіпкерліктің және қоғамның арасындағы үйлесімді өзара әріптестікті қамтамасыз етеді.

Кәсіпкерлік дамыған мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей, қажетті тауарлар мен қызметтерді және қосымша жұмыс орындарын ашуда, маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуден бөлек қосымша ірі бизнес сектормен тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, экономиканың ажырамас құрылымы болып табылады. Салыстырмалы түрде дамыған мемлекеттердегі кәсіпкерлікке салық салу, қаржылық, даму институттарының ықпалына және мемлекеттік бағдарламаларға назар аударуға болады [10].

Дамыған мемлекеттерде кәсіпкерлікті инновациялық дамуын қолдаудың нысандары мен мемлекеттік қолдау механизмдері екі бағытта жүзеге асырылады:

- кәсіпкерліктің инновациялық дамуына жәрдемдесу;
- тікелей ғылыми, техникалық және инновациялық қызметпен айналысатын кәсіпкерлік субъектілеріне көмек көрсету.

Кәсіпкерліктің инновациялық дамуының шетелдік тәжірибесін отандық ғалым С.Т.Купешова «Инновациялық менеджмент» атты еңбегінде жан-жақты тоқталып, қарастырып өткен [11].

Қытайда жаңа техника мен жоғары технологияны кәсіпкерлік секторға енгізумен ҒТИП (ғылыми-техникалық индустриалды парктер) айналысады. Онда технологиялық жетістіктер коммерциялық және өндірістік жағынан қарқынды жылдамдықпен игерілді. ҒТИП қарамағына әр түрлі саладағы ғылыми орталықтар мен университеттер, кәсіпорындар кіреді

Инновациялық шағын және орта кәсіпкерліктің (ШОК) табысты қызмет ету үшін қолайлы жағдай туғызу мақсатында АҚШ Үкіметімен 1982 жылы «Шағын бизнесте инновациялық қызметті дамыту туралы» (The Small Business Innovation Development Act) федералдық заң қабылданды. Бұл заңның мақсатына төмендегі бағыттар жатады:

1. Технологиялық инновацияларды ынталандыру.
2. ҒЗТҚЖ орындау, жүзеге асыру үшін ШОК әлеуетін қолдану.
3. Технологиялық инновациялармен шұғылдануға жас талантты адамдарды тартуға қолдау көрсету.
4. ҒЗТҚЖ нәтижесіндегі ғылыми-техникалық жетістіктерді коммерцияландыруға көмектесу.
5. АҚШ-тың инновациялық саласында арнайы зерттеулер мен әзірлемелерге деген ұлттық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында жұмыс жасайтын шағын кәсіпорындарды тарту.

Осы заң шеңберінде кәсіпкерлікті инновациялық негізде дамыту үшін өнертапқыштардың әзірлемесін жүзеге асыруда үлкен мүмкіндіктерді ұсынатын, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын бірнеше ұлттық бағдарламалар жасалды. АҚШ заңнамасында инновациялық қызметтегі әр түрлі кәсіпкерлікті ынталандыру мақсатында, көптеген шығын түрлерін салық салудан босатады (құжаттарды, құрал-жабдықтарды алу, тәжірибелік үлгілерді жасау, сынақтар жүргізу, патенттік қызметтерді төлеу және т.б).

Инновация саласында арнайы зерттеулер мен әзірлемелерге деген ұлттық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында, сонымен қатар ҒЗТҚЖ айналысатын инновациялық саладағы кәсіпкерлік қызметін одан әрі табысты жасау үшін, АҚШ-та әр түрлі масштабтағы ғылыми-техникалық бағдарламалар кешені жүзеге асырылуда. Федералдық деңгейдегі тиімді іс-әрекеттер ретінде: «Шағын бизнестегі Инновациялық зерттеулер бағдарламасы» (The Small Business Innovation Research Program – SBIR) және «Шағын бизнестегі технологиялар трансферті бағдарламасы» (The Small Business Technology Transfer Program – STTR) сияқты бағдарламаларды көрсетуге болады.

1950 жылдары Жапония шетелдік «ноу-хау» және патенттерін қолдана бастады, ол қарқынды экономикалық даму жолына түсті.

80-ші жылдардан бастап, мемлекеттің экономикалық саясаты ғылыми техникалық прогрестің басымды мәселелерін шешуге арналған, өз ғылыми-зерттеу орталықтарын құруға бағытталды. Жапонияда 1983 жылдың өзінде технополистерді дамыту тұжырымдамасы қабылданған. Нәтижесінде, олардың экономикалық өсу қарқыны ел бойынша орта көрсеткіштерден жоғары екенін көрсетті. Ұлттық технопарктерді дамытуға байланысты арнайы бағдарламалар қабылданды:

1. «Технополистерді дамыту жоспары» венчурлік бизнес үшін субсидиялар мен төмен пайызды қарыздар ұсыну, кәсіпкерлік ресурстармен мен құрылыстарды жалға алу төлемін төмендету шараларын қарастырады.

2. «Ғылыми кәсіпкерлікті орналастыру жоспары» аймақтық кәсіпкерлікті аумақтық (территориялды) шоғырландыру және оларды мамандануы бойынша біріктіруді қарастырды.

3. «Базисті зерттеулер жоспары» кәсіпкерліктің бастапқы өмірлік кезеңінде оның дамуына ықпал жасауға бағытталады.

Іскерлік және ғылыми-техникалық байланыстардың қарқынды дамуына мүмкіндік беретін зерттеу кешендерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін 100-ден аса технопарктер құрылды. Жапондық технопарктердің 70% аймақтардағы кәсіпкерліктің қолдауы арқылы құрылған, сонымен қатар олардың жалпы санының 58% жоғары технологиялық кәсіпкерлікке бағытталған. Оларды функционалдық қағидаты бойынша былай бөлуге болады:

- ғылыми-зерттеу парктері (41%) ұлттық зерттеу орталықтарының әзірлемелерін кәсіпкерлікке енгізуге негізделеді;

- ғылыми парктер (33%) жаңа жоғары технологиялық кәсіпкерлікті құру, дамытуға арналған;
- инновациялық орталықтар (26%) ҒЗТКЖ-ны жүзеге асыруда, кәсіпкерлікке көмек көрсетуде.

Жапонияның кәсіпкерлікті инновациялық дамуын арттыру жолдары ретінде мыналарды айтуға болады:

- инновациялық әзірлемелерді коммерцияландыру;
- инновация саласындағы кәсіпкерлікке салық салу жүйесін жеңілдету. Бұларға: ҒЗТКЖ шығындарын салық салудан алып тастау, салықтық демалыстар беру, университеттер мен бірлесіп жүргізілетін ҒЗТКЖ-ға жеңілдетілген салық салу;
- зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды күшейту және коммерциялық құпиялардың сақталуын қамтамасыз ету;
- университеттерді реформалау және жалпы білім беру жүйесін күшейту.

Жапонияда инновацияға салынатын жеке инвестициялар 80%-ды құрайды, ал 20% ды Жапонияның үкіметі қаржыландырады. Іргелі зерттеулер басым түрде мемлекетпен қаржыландырылады.

Инновациялық кәсіпкерлікті мемлекеттік қаржыландырудың жанама формаларының дамуы күштірек болып отыр [11, 154 б.].

Қырғызстан Республикасында жаңа экономиканы құруда адами капиталдың дамуы, білім беру және қызметкерлерді дамытудың жоғары технологиялық кәсіпкерлік пайдасына қарай экономикалық құрылымның түбегейлі өзгеруіне байланысты өзгерістер енгізілу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ғылыми-техникалық саланың ауқымы мен құрылымын оңтайландыру, тиімділікті күшейту жұмыстары оның тәртібін өзгертуге және белгілі бір нәтижелерге жетуге бағытталған. Мысалы, 2018 жылы кәсіпкерлікті инновациялық қолдану тұрғысынан Қырғызстан Республикасы әлемнің 140 елінің ішінен 119-шы орынға табан тіреді. Инновациялық белсенді кәсіпкерліктің көпшілігі Бішкек (89,5%) және Шу облыстарында (9%) шоғырланған. Ең қызығы, барлық инновациялық өнімдерді жеке меншік кәсіпкерлік өндіреді және инновациялық қызметтің негізгі бөлігі технологияларды сатып алумен тығыз байланысты [12].

Аталған мәселелерді ескере отырып, Қырғызстан Республикасы МЖӘ негізінде кәсіпкерлікті инновациялық негізде дамытуда мынадай міндеттерді алға тартады:

- инновацияларды дамыту және инновациялық жүйе объектілерін пайдалану үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- инновациялық даму саласындағы тиімді шешім қабылдауды, соның ішінде энергияны үнемдеу және энергияны үнемдейтін технологияларды қалыптастыратын жүйені құру;
- интеллектуалдық меншік объектілеріндегі құқықтарды қорғау және инновация саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру;
- оқу, біліктілікті арттыру және қоғамның рөлі, маңызы мен инновациясы туралы хабардар болу үшін жағдайлар жасау.
- осы жоғарыдағы мәселелерді шешу үшін Қырғызстан Республикасының Үкіметі келесі шараларды іске асыруы қажет:
  - инновациялық, энергияны үнемдеу және энергияны үнемдейтін технологиялар ретінде жіктеу критерийлерін әзірлеу;
  - инновациялық энергияны үнемдейтін тиімді технологиялардың тізімін жасау;
  - өнеркәсіптің тізімін жасау және дамыту қажеттіліктерін ескеру;
  - инновациялық технологияларды іздеу және маркетинг бойынша қызметтер көрсету жолдарын қарастыру [13].

Осы мәселелерді үйлестіру үшін, Қырғызстан Республикасында «МЖӘ» туралы Заң 2009 жылы 11 мамырда қабылданды. Заң бойынша тараптардың мүдделерімен тәуекелдері мен міндеттері анық көрсетілген. Шетелдік тәжірибеге негізделіп жасалған заң бойынша МЖӘ жобаларын ұйымдастыру үрдісі 3 кезеңнен тұрады. Қырғызстан Республикасының Үкіметі 2014 жылы «МЖӘ дамытуды қолдау үшін МЖӘ жобаларды қаржыландыру» қоры және «инвестицияларды жылжыту және қорғау агенттігі» құрылып жұмыс жасауда. МЖӘ механизмдерін енгізу бойынша «Жол картасы» қабылданды.

Көріп отырғанымыздай, Қырғызстан Республикасында МЖӘ механизмі заңнамалық тұрғыда толық қамтылғанмен, конкурстық іріктеу ережелері, тәуекелдерді әріптестер арасында бөлу және келісімшарттың негізгі түрлері нақты көрсетілмеген. Сондықтан, аталған мемлекеттің МЖӘ механизмі бойынша тәжірибесін елімізде қолдану мүмкіндігі төмен.

Себебі, Қырғызстан Республикасындағы МЖӘ негізінде кәсіпкерліктің инновациялық дамуының негізгі қиындықтарының көпшілігі қаржылық ресурстарының жоқтығында, яғни:

- айналым қаражатын толықтыру;
- ескі және ескірген жабдықтарды, технологиялық процестерді автоматтандыру және механикаландыру құралдарына ауыстыру;
- сыртқы және ішкі нарықтардағы тиімді сату үшін жоғары сапалы, арзан, бәсекеге қабілетті тауарлар шығаруға мүмкіндік беретін жаңа технологияларды қолдану;
- әртүрлі деңгейдегі жұмысшылардың, инженерлік-техникалық персоналдың және менеджерлердің біліктілігін арттыру, қайта даярлау және дайындауды жетілдіру [14].

Ұлыбританияда 2007 жылдан бастап Британдық инновация агенттігі құрылып жұмыс істейді. Агенттік үкіметтік гранттарды қаржыландыратын мемлекеттік орган болып табылады. Сонымен қоса, осы агенттіктің Ұлыбританиядағы «зерттеулер мен инновациялар» деген бөлімі де жұмыс жасайды. Британдық «зерттеу және инновация» - бұл университеттермен, зерттеу ұйымдарымен, кәсіпорындарымен, қайырымдылық ұйымдарымен және Үкіметпен зерттеу және инновацияны дамыту үшін жақсы тиімді әріптестік орган. Олардың негізгі қызметі - жаңа идеяларды, Британдық зерттеулерді және кәсіпкерлікті қолдай отырып, өнімділік пен экономикалық өсуді ынталандыру.

Британдық инновациялық агенттіктің негізгі міндеттері:

- кәсіпкерлікке назар аудара отырып, тәуекелді төмендету, инновацияларды енгізу және қолдау бойынша кәсіпкерлермен жұмыс істей отырып, өсуді ынталандыру;
- кәсіпкерлік әріптестермен, тұтынушылар және инвесторлармен байланыстырды және жаңа идеялардың дамуына көмектесу;
- инновацияларды жеделдету және зерттеулер мен әзірлемелерге инвестициялар тарту үшін іскерлік және зерттеу ынтымақтастығын қаржыландыру;
- қолдау мен көмек экономиканың барлық секторларында, Ұлыбритания аймақтарында кәсіпкерлер үшін қолжетімді.

Бұл орган Үкіметтік, халықаралық деңгейде де зерттеулер мен инновациялардың дамуы үшін ықпалды тәуелсіз ұйым болып табылады. Кәсіпкерлерді қаржыландыру көзі, Энергетика және өнеркәсіптік стратегия департаменті ғылым бюджеті есебінен қаржыландырылады.

Нидерландының инновациялық саясатының маңызды мақсаты қаржыландыру, кәсіпкерлік және ҒЗТҚЖ басқару мүмкіндіктерін кеңейтудің жаңа механизмдері арқылы мемлекеттік зерттеу ұйымдарының, әсіресе университеттердің салалық қажеттіліктеріне ден қою жеделдігін арттыру болып табылады.

Базалық институционалды қаржыландыруға университеттерді қаржыландырудың жалпы көлемінің өте үлкен үлесі (шамамен үштен екісі) келеді. Бұдан басқа, бұл соманың 80%-дан астамы 13 мемлекеттік университетке тиесілі. Конкурстық негізде университеттерге бөлінетін қаражаттың үлесі келісімшарттық зерттеулердің жалпы көлеміндегі (шамамен 20%) және қаржыландырудың жалпы көлеміндегі бизнес үлесі сияқты салыстырмалы түрде аз (10% - дан кем). Университеттік зерттеулер ғылыми-техникалық білімнің инновациялық сұранысына жоғары дәрежеде ие болуы үшін, қаржыландыру жүйесі мемлекеттік және жеке меншік зерттеу ұйымдары арасындағы барынша кең әріптестікті көтермелеуі тиіс. Сондай-ақ мемлекеттік зерттеулерден қосымша қаражат бөлуге, инкубаторларды құруға және олардың жұмыс істеуіне және университеттер мен мемлекеттік ғылыми-зерттеу институттарын ҒЗТҚЖ-ны неғұрлым тиімді басқаруға ықпал ететін шараларға баса назар аудару қажет. Нидерланд біршама уақыт бойы «Еуропалық парадокспен» - қолданбалы зерттеулердің кеңдігіне қарамастан, нақты инновацияларда қоғамдық білімдердің артта қалуымен ұштасқан жоғары сапалы ғылыми зерттеулермен күресуде.

Реформаларды іс жүзінде жүзеге асыруға қатысты болашақ шешімдер қолданыстағы инновациялық бағытталған зерттеу бағдарламасы басқарудың практикалық тәжірибесінен алынған сабақтарды ескеруі маңызды. Жалпы, Нидерландта инновациялық-бағдарланған МЖӘ-ні қолдаудың бағдарламалық-нысаналы механизмдеріне шолуды 2-кестеден көруге болады.

2-кесте

#### Нидерландтағы МЖӘ бағдарламалары\*

Құрал 1	Сипаттамасы 2
Технологиялық даму қорлары	Технологиялық даму қоры арқылы Экономика министрлігі университеттер зерттеу орталықтарында сұранысқа бағытталған жоғары ғылыми-техникалық зерттеулердің дамуын ынталандырады. Мұнда негізгі рөлді үш аспект атқарады:

1	2
	пайдаланушыларды зерттеуге тарту, пайдалану және зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізу арқылы қорға жарналар енгізу, қордың мүмкіндіктерін саты-сатымен жаңартуға мүмкіндік береді
Инновациялық-бағытталған зерттеу бағдарламасы	инновациялық бағытталған зерттеу бағдарламасымақсаты кәсіпкерлік сектордың инновациялық қажеттіліктеріне байланысты бағдарламалық тәсілдің көмегімен университеттер мен ғылыми-зерттеу институттарындағы стратегиялық зерттеулерді нығайту болып табылады.
Инновациялық-бағытталған қолданбалы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру	Қолданбалы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру бағдарламасының мақсаты ғылыми білімді кәсіпкерлік сектор мен мемлекеттік мекемелер үшін пайдалы қолданбалы білімге аудару болып табылады. Бұл сұранысқа бағытталған стратегиялық және қолданбалы зерттеулерді ынталандыру үшін жасалады
Жетекші технологиялық институттар бағдарламасы	Жетекші технологиялық институттар бағдарламасы көмегімен экономика министрлігі кәсіпкерлердің инновациялық әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігін көтеруге ұмтылады. Бұл тиісті компаниялар арқылы мемлекеттік зерттеу инфрақұрылымы мен кәсіпкерлік сектор арасындағы институционалдық әріптестік шеңберінде жоғары халықаралық стандартты іргелі және стратегиялық зерттеулер жүргізіледі.
Экономика, экология және технологиялар схемасын қолданбалы зерттеулер үшін ұйымдастыру	ЭЭТ бағдарламасы шеңберінде субсидиялар компаниялар мен ғылыми-зерттеу институттары арасындағы корпоративтік альянстар немесе әріптестіктер жүзеге асыратын ірі зерттеу жобаларына беріледі. Бұл технологиялық инновациялар есебінен экологиялық жағынан да, экономикалық жағынан да айтарлықтай ілгерілеуге әкелуі мүмкін. Ол экономикалық тұрақтылықты арттыруға ықпал етеді
Тұрақты даму үшін озық катализм технологиясы	Тұрақты даму үшін озық катализмдер технологиялар - ұлттық даму ұйымының құрамына кіретін тұрақты дамуды қамтамасыз етуге арналған озық катализмдертехнологиясы. 2002 жылдың басында компаниялар, ғылыми-зерттеу институттары және экономика министрлігімен құрылған сәтінен бастап Нидерландының катализ саласындағы халықаралық ұстанымдарын нығайту бойынша жұмыс істеді, яғни шетелдік озық технологияларды халықаралық ұйымдар деңгейінде дамытуға мемлекеттік қолдау жасады

\* [15] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған

Сонымен, МЖӨ негізінде кәсіпкерліктің инновациялық үлгісін қалыптастыру мен дамытудың жоғарыда қарастырылған шетелдік тәжірибелерін зерделеп, негізгі ерекшеліктерін нақтылап және оларды отандық экономикада қолдану мүмкіндіктерін анықтап, қорытынды 3-кесте жасалды. Зерделенген тәжірибе әрбір елдегі МЖӨ-нің дамуы мен кәсіпкерліктің ролі және оның инновациялық әлеуетін арттыру жолдарына байланысты екенін атап өткен жөн.

**Қорытынды.** Қазақстандық тәжірибеде, қарастырылған шетелдік тәжірибені бұлжытпай көшіру емес, олардың озық, заманауи жетістіктерін өзіміздің ұлттық құндылықтарымызбен, ділімізге (менталитетімізге) және ішкі заңнамалық актілерге бейімдеп, қолдануға енгізу қажет. Олардың ішінде, бірінші кезекте: кәсіпкерліктің инновациялық дамуын ынталандыру іс-шаралар кешенін (салықтық жеңілдіктер мен арнайы аймақтар құру); кәсіпкерлікке қажетті кадрларды оқыту және дайындау; ірі кәсіпорындар мен шағын кәсіпкерліктің арасындағы ынтымақтастықты, яғни инновациялық тәжірибе алмасуды реттеу және дамыту; инновацияға бағытталған кәсіпкерліктің тауарларын немесе қызметтерін жылжытуда мемлекеттік көмек немесе қолдау шараларының болуы; Қазақстан Республикасының аймақтарының даму ерекшелігіне байланысты кәсіпкерліктің инновациялық дамуын дифференциялау.

Қорытындылай келе, кәсіпкерліктің инновациялық дамуында МЖӨ-ні қолданудың шетелдік тәжірибесін зерделеу және қорыту шеңберінде АҚШ, Ұлыбритания, жалпы Еуроодақ сынды елдердің және Нидерланд сияқты жекелеген елдердің жалпы механизмдері, сондай-ақ инновациялық саладағы МЖӨ-ні қолдаудың ұлттық саясатының ерекшеліктері айқындалды. Еуразиялық экономикалық одақтың мүшесі – Қырғызстан Республикасының тәжірибелері қарастырылып ұсынылды. Аталған тәжірибені Қазақстанның МЖӨ механизмдеріне қатысты қолдануда инновациялық кәсіпкерліктің даму деңгейін, сондай-ақ индустриялық-инновациялық дамудың қаржылық-инвестициялық, институционалдық мүмкіндіктері мен басымдықтарын ескеру қажет.

*Мақала AP09259979 «Қазіргі қазақстандық қоғамдағы ғылымның институционалдық мәртебесі: репрезентативтілік проблемаларын бағалау және ғылым беделін дамытудың жаңа парадигмасының басым бағыттарын әзірлеу» жобасы бойынша ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің гранты аясында дайындалған.*

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Токсанова А.Н. Оценка эффективности проектов государственно-частного партнерства: монография. – Астана: ИП «Булатов А.Ж.», 2017. – 303 с.
2. Варнавский В.Г., Клименко А.В., Королев В.А. Государственно частное партнерство: теория и практика. – М.: ГУ-ВШЭ. – 2010. – 228 с.
3. Хромов И.Е. Сравнительный анализ налогообложения малого предпринимательства в России и развитых странах. Теория и практика институциональных преобразований в России / Сборник научных трудов под ред. Б.А. Ерзнкяна. Вып. 38. – М.: ЦЭМИ РАН, 2016. – С. 121-143.
4. Abenov E., Kirdasinova K., Tulaganov A., Zhumataeva B., Mutalyieva L., Issayeva B. Entrepreneurship education: teaching and learning modern mechanisms of entrepreneurship development based on Public-private partnership // Journal of Entrepreneurship Education, 1528-2651-22-5-450, Volume 22, Issue 5, 2019.
5. Абенов Е.М. Партнерство государства и бизнеса как основа модернизации экономики // Известия Иссык-Кульского форума бухгалтеров и аудиторов стран Центральной Азии. – 2019. – №3 (26). – С. 9-14.
6. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан // Егемен Қазақстан. 2012. 15 желтоқсан.
7. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. – URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/23/methodology> (Жүгіну күні: 18.12.2020).
8. Онлайн-версия «Ежегодника Евростата 2019» (от января 2019 г.) / Innovation Statistic // Eurostat Year book online. – URL: [http://epp.eurostat.ec.europa.eu/statistics\\_explained/index.php/Innovation\\_statistics.8](http://epp.eurostat.ec.europa.eu/statistics_explained/index.php/Innovation_statistics.8) (дата обращения 19.01.2020).
9. Сатыбалдин А.А., Панзабекова А.Ж. Государственно-частное партнерство в науке и инновациях: зарубежный и Казахстанский опыт // Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік – инвестиция тарту құралы: үлгілері және тәжірибесі атты I Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы. Нұр-Сұлтан қ., 28 ақпан 2020 жыл. – Нұр-Сұлтан, 2020.
10. Грибовский А.В., Ушакова С.Е. Механизмы государственной поддержки малого инновационного бизнеса за рубежом // Наука. Инновации. Образование. – 2014. – №4. – С. 205-221.
11. Купешова С. Т. Инновациялық менеджмент: оқулық. – Алматы, 2011. – 256 б.
12. Эл. ресурс. Реж. дост.: <http://www.stat.kg/ru/>
13. Department for Business Innovation and Skills, The UK Innovation Survey Main Report, Innovation Analysis, July 2019. – [https://assets.publishing.service.gov.uk/government/uploads/system/uploads/attachment\\_data/file/536491/UKIS\\_2019\\_Main\\_report\\_Final\\_v.pdf](https://assets.publishing.service.gov.uk/government/uploads/system/uploads/attachment_data/file/536491/UKIS_2019_Main_report_Final_v.pdf)
14. OECD (2003), Public-Private Partnership for Research and Innovation: An Evaluation of the Dutch Experience, Paris, OECD.
15. Таубаев А.А., Каменова А.Б., Орынбасарова Е.Д., Борисова Е.И., Сайфуллина Ю.М. Институциональная среда развития наукоемкого сектора и инновационного предпринимательства в странах Евразийского экономического союза // Экономика: Стратегия и практика. – 2019. – №2. – С. 25-38.

## REFERENCES

1. Toxanova A.N. Evaluation of the effectiveness of public-private partnership projects: monograph / – Astana: «Bulatov A.Zh.» IE, 2017. – 303 p. [in Russian]
2. Varnavsky V.G., Klimenko A.V., Korolev V.A. Public-private partnership: theory and practice. – М.: SI-HSE. – 2010. – 228 p. [in Russian]



3. Khromov I.E. Comparative analysis of taxation of small businesses in Russia and developed countries. Theory and practice of institutional transformations in Russia / Collection of scientific papers edited by B.A. Yerznkyan. Release. 38. – M.: SEMI RAS, 2016. – 121-143 p. [in Russian]
4. Abenov E., Kirdasinova K., Tulaganov A., Zhumataeva B., Mutalyieva L., Issayeva B. Entrepreneurship education: teaching and learning modern mechanisms of entrepreneurship development based on Public-private partnership // Journal of Entrepreneurship Education, 1528-2651-22-5-450, Volume 22, Issue 5, 2019.
5. Abenov E.M. Partnership between the state and business as a basis for economic modernization // Proceedings of the Issyk-Kul Forum of Accountants and Auditors of Central Asian Countries. – 2019. – №3 (26). – 9-14 p. [in Russian]
6. Strategy «Kazakhstan-2050» Стратегиясы the new political course of the established state: The Message of the President of the Republic of Kazakhstan - Elbasy N.A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan, Astana., 14 of December 2012 y. // Egemen Qazaqstan. 2012. 15<sup>th</sup> of December [in Kazakh]
7. Official website of the National Bureau of Statistics of the Agency of the Republic of Kazakhstan for Strategic Planning and Reform. – URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/23/methodology> (Date of application: 18.12.2020) [in Kazakh]
8. Online version of the «Eurostat Yearbook 2019» (from January 2019) Innovation Statistics // The Eurostat Yearbook online. – URL: [http://epp.eurostat.ec.europa.eu/statistics\\_explained/index.php/Innovation\\_statistics.8](http://epp.eurostat.ec.europa.eu/statistics_explained/index.php/Innovation_statistics.8) (accessed 19.01.2020).
9. Satybaldin A.A., Panzabekova A.J. Public-private partnership in science and innovation: foreign and Kazakhstani experience // Collection of materials of the I International Scientific and practical conference Public – Private Partnership-a tool for attracting investment: examples and experience. Nur-Sultan, 28 th of February 2020 [in Russian]
10. Gribovsky A.V., Ushakova S.E. Mechanisms of state support of small innovative business abroad // Science. Innovation. Education. – 2014. – №4. – 205-221 p.
11. Kupeshova S.T. Innovation management: book– Almaty, 2011. – 256 pp.
12. El. resources: <http://www.stat.kg/ru/>
13. Department for Business Innovation and Skills, The UK Innovation Survey Main Report, Innovation Analysis, July 2019. – [https://assets.publishing.service.gov.uk/government/uploads/system/uploads/attachment\\_data/file/536491/UKIS\\_2019\\_Main\\_report\\_Final\\_v.pdf](https://assets.publishing.service.gov.uk/government/uploads/system/uploads/attachment_data/file/536491/UKIS_2019_Main_report_Final_v.pdf)
14. OECD (2003), Public-Private Partnership for Research and Innovation: An Evaluation of the Dutch Experience, Paris, OECD.
15. Taubaev A.A., Kamenova A.B., Orynbasarova E.D., Borisova E.I., Saifullina Yu.M. Institutional environment for the development of the knowledge-intensive sector and innovative entrepreneurship in the countries of the Eurasian Economic Union //Economics: Strategy and Practice. –2019. – №2. – 25-38 p. [in Russian]

**Әбенов Е.М., Мухияева Д.М., Берназарова Р.Д., Алданай Ә.А.**

## **ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА НА ОСНОВЕ ГОСУДАРСТВЕННО-ЧАСТНОГО ПАРТНЕРСТВА**

### **Аннотация**

В рамках изучения и обобщения зарубежного опыта применения государственно-частного партнерства (ГЧП) в инновационном развитии предпринимательства определены общие механизмы США, Великобритании, отдельных стран Евросоюза в целом, в том числе Нидерландов, а также особенности национальной политики поддержки ГЧП в инновационной сфере. Представлен опыт государств Евразийского экономического союза, в том числе Кыргызской Республики. В качестве общих мер необходимо признать важность инновационного развития предпринимательства и необходимость применения различных форм взаимодействия государства и бизнеса, в том числе в научно-инновационной сфере.

Целью исследования представляется необходимость учета уровня инновационного развития предпринимательства через механизмы ГЧП, а также зарубежного опыта в финансово-инвестиционных, институциональных возможностях и приоритетах индустриально-инновационного развития.

Для достижения данной цели определен ряд задач: проведено изучение зарубежного опыта инновационного развития предпринимательства через механизм ГЧП; в результате проведенного изучения определены приоритетные направления зарубежного опыта.

Теоретико-методологической базой исследования являются труды отечественных и зарубежных ученых-экономистов, проводящих фундаментальные и прикладные исследования по проблемам инновационного развития предпринимательства через механизмы ГЧП. При написании статьи был использован метод экономического и сравнительного анализа и системного подхода.

Результаты проведенного в статье исследования и научные результаты исследования могут быть использованы при формировании инновационных программ развития регионов Республики Казахстан. Позволяет повысить эффективность инвестиционных проектов по инновационному развитию предпринимательства через ГЧП в Республике Казахстан, опираясь на представленные и научно обоснованные авторами выводы.

**Abenov Y., Mukhiyayeva D., Bernazarova R., Aldanai A.**

**FOREIGN EXPERIENCE OF INNOVATIVE DEVELOPMENT  
OF ENTREPRENEURSHIP BASED ON PUBLIC-PRIVATE PARTNERSHIP**

**Annotation**

As part of the study and generalization of foreign experience in the use of public-private partnership (PPP) in the innovative development of entrepreneurship, determine the general mechanisms of the United States, Great Britain, EU countries as a whole, including the Netherlands, as well as the specifics of the national policy of PPP support in the innovation sphere. Presented the experience of the states of the Eurasian Economic Union, including the Kyrgyz Republic. As general measures, it is necessary to recognize the importance of innovative development of entrepreneurship and the need to apply various forms of interaction between the state and business, including in the scientific and innovative sphere.

The purpose of the paper is the need to take into account the level of innovative development of entrepreneurship through PPP mechanisms, as well as foreign experience in financial and investment, institutional opportunities and priorities of industrial and innovative development.

To achieve this goal, a number of tasks have been defined: conduct the study of foreign experience of innovative entrepreneurship development through the PPP mechanism; as a result of the study- identify priority areas of foreign experience.

The theoretical and methodological basis of the research is the works of domestic and foreign scientists-economists conducting fundamental and applied research on the problems of innovative development of entrepreneurship through PPP mechanisms. When writing the article used the method of economic and comparative analysis and a systematic approach.

The results of the research carried out in the paper and the scientific results of the research can be used in the formation of innovative development programs for the regions of the Republic of Kazakhstan. It allows to increase the efficiency of investment projects for innovative entrepreneurship development through PPP in the Republic of Kazakhstan, based on the conclusions presented and scientifically substantiated by the authors.

